

**Дүйсенова София¹, Қылышбаева Бибігүл²,
Сұлтанова Ақмарал³**

¹әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: sofia.duisenova@kaznu.kz, тел.: +7 702 717 7184

²соц.ғ.д., әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессор м.а.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: bibigul.kylyshbayeva@kaznu.kz, тел.: +7 701 608 9792

³әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: sultanova8012@gmail.com, тел.: +7 701 206 7211

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ
СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМ АЛУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Студенттердің жалпы білім стратегиясын зерттеу оқу жүйесінің тиімділігін арттырады. Мұндай зерттеулер практикалық тұрғыдан студенттер үшін оқу процесін ұйымдастыруды жеңілдетіп, болашақта осы жастардың еңбек нарығына тезірек бейімделуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда отандық әлеуметтік ғылымда мұндай зерттеулердің жетіспеушілігі сезіледі, бұл өз кезегінде Қазақстандағы жоғары білімнің ерекшеліктері мен білім саласында кездесетін проблемаларды күрделендіреді. Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы студенттердің білім стратегиялары туралы ақпараттардың аздығы осы мәселені толыққанды зерттеу жүргізуге деген қызығушылықты тудырады. Жоғарғы курстардың білім траекторияларын зерттеу үнемі болып отыратын өзгерістердің орнын толтырады. Мақаладағы эмпирикалық зерттеу жұмысынан алынған талдау нәтижесі білім алушы жоғары оқу орындарындағы жастардың білім саласындағы қабілеттіліктерін аша түсуге, қазақстандық жоғары оқу орындарындағы жүйелік мәселелерді көрсетуге, нақты басқарушылық шешімдерді қалыптастыруға, осы мәселелерге байланысты процестерді тиімді етуге өз үлесін қосады. Мақаланың мақсаты қазақстандық жоғары оқу орындарындағы білім алушы жастардың жоғары білім деңгейлерін таңдаудағы мотивтерін анықтау арқылы білім стратегияларын сараптау. Қойылған мақсатқа жету үшін эмпирикалық мәліметтер жинақтауда сандық әдіс – сауалнама жүргізілді. Мақаладағы зерттеудің объектісі қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алушы студенттер. Мәліметтерді әдіснамалық жинақтау 2015 жылдың желтоқсан-наурыз айларында сандық зерттеудің сауалнама әдісі арқылы жүргізілді. Сауалнамада квоталық іріктеу қолданылды. Сауалға 800 студент іріктелді. Сауалнама Қазақстанның үш ірі қалаларындағы (Астана, Алматы, Қарағанды) ірі университеттерінде (А.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚҰТЗУ, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ) жүргізілді. Бұл қалаларды таңдау себебім Астана мен Алматы Қазақстандағы ең ірі мегаполистердің бірі. Мыңдаған жастардың мақсаттарына жетуі үшін мүмкіндік беретін қала. Сонымен қатар еліміздің ең ірі ұлттық университеттерінің шоғырланған жері болып табылады. Қарағанды мемлекеттік университеттің таңдалу себебі, ол Қазақстандағы аймақтық классикалық университеттердің бірі болып келеді. Өзіндік ғылыми дәстүрлері, зерттеу мектептері мен оқыту тәжірибелері, елге танымал профессорлар мен академиктер осы оқу орнында қызмет етіп, ЖОО беделін арттырған. Сонымен қатар, Қазақстан бойынша жоғары білім беру оқу орындарының рейтингінде үшінші орынды иемденген университет. Мәліметтерді жинақтаудағы сандық зерттеу нәтижелері SPSS компьютерлік бағдарламасында өңделді және талданды. Мақаланың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы оның негізгі ойлары мен тұжырымдары ғылым әлеуметтануының теориясына, білім әлеуметтануына, білім және ғылым бағдарламаларына және білім концепцияларын дайындау мен қабылдауда үлес қосады. Автор

мақаланың зерттеу нәтижесінде жастардың әрбір әлеуметтік топтарының әртүрлі мотивациямен және нәтижелілікпен сипатталатын типтері, білім жүйесіндегі жастардың білім стратегияларына, өз кезегінде, әртүрлі деңгейдегі факторлар кешенінің ықпалының әсерін көрсетеді.

Түйін сөздер: білімдік стратегия, студент жастар, жоғары білім, мотивация.

Duisenova Sofia¹, Kylyshbaeva Bibigul²,
Sultanova Akmaral³

¹senior lecturer of the Department of Sociology and Social Work, al-Farabi KazNU,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: sofia.duisenova@kaznu.kz, tel.: +7 702 717 7184

²candidate of Sociological Sciences, Professor of the Department of Sociology and Social Work,
al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bibigul.kylyshbayeva@kaznu.kz, tel.: +7 701 608 9792

³senior lecturer of the Department of Sociology and Social Work, al-Farabi KazNU,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: sultanova8012@gmail.com, tel.: +7 701 206 7211

Educational strategies of students in higher education

Studying of the general educational strategy of students allows to raise efficiency of all system of training. Such studies facilitate the organization of the educational process for students, enable the younger generation to adapt more quickly to the labor market. For today in the domestic science there is a lack of such studies, and this in turn affects the system of higher education in Kazakhstan. The limited information on the educational strategies of the students of Kazakhstan is stirring interest in conducting a holistic study of this problem. The article analyzes the empirical research, the opportunities of young people in the sphere of education, shows the systemic problems of higher educational institutions of Kazakhstan, the formation of specific organizational solutions, as well as directions in solving these problems. The purpose of the article is to show educational strategies by identifying the motives of students in the choice of education. To achieve this goal, questionnaires were conducted in higher educational institutions of Kazakhstan. Data collection was conducted from December to March months of 2015, with the use of a quota sample (800 students). The survey was conducted in large universities (L.N. Gumilyov ENU, Al-Farabi Kazakh National University, K.I. Satpayev KNITU, E.A. Buketov KSU) in three large cities of Kazakhstan (Astana, Almaty, Karaganda). These cities have a huge potential for thousands of young people to achieve their goals. In addition to the capital's young students in the survey attended by the students of Karaganda State University, the authoritative because of its scientific traditions, research school, which occupies the third place in the ranking of higher education institutions of Kazakhstan. These quantitative research results were processed in the computer program SPSS and analyzed. The theoretical and practical importance of the article lies in the developed provisions that contribute to the further development and enrichment of data in the field of sociology of science, the sociology of education, educational and scientific programs, and educational concepts. The authors as a result of the study of the article show types characterized by different motivations and effectiveness of each social group of youth, as well as the influence of a complex of factors of different levels of educational strategies.

Key words: educational strategies, student youth, higher education, motivation

Дуйсенова София¹, Кылышбаева Бибигуль²,
Султанова Акмарал³

¹старший преподаватель кафедры социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: sofia.duisenova@kaznu.kz., тел.: +7 702 717 7184

²к.соц.н., и.о. профессор кафедры социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: bibigul.kylyshbayeva@kaznu.kz, тел.: +7 701 608 9792

³старший преподаватель кафедры социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: sultanova8012@gmail.com, тел.: +7 701 206 7211

Образовательные стратегии студентов в высших учебных заведениях

Изучение общей образовательной стратегии студентов позволяет повысить эффективность всей системы обучения. Такие исследования облегчают организацию учебного процесса для студентов, дают возможность молодому поколению быстрее адаптироваться к рынку труда. На сегодняшний день в отечественной науке чувствуется недостаточность таких исследований, а это в свою очередь сказывается на системе высшего образования в Казахстане. Ограниченность информации об образовательных стратегиях казахстанских студентов будит интерес к проведению целостного исследования этой проблемы. В статье дается анализ эмпирического исследования, возможностей молодежи в сфере образования, показываются системные проблемы высших учебных заведений Казахстана, формирование конкретных организационных решений, а также направления в решении данных проблем. Целью статьи является показать образовательные

стратегии посредством определения мотивов учащейся молодежи при выборе образования. Для достижения поставленной цели было проведено анкетирование студентов в высших учебных заведениях Казахстана. Сбор данных был проведен с декабря по март 2015 года, с применением квотной выборки (800 студентов). Анкетирование было проведено в крупных университетах (ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, КазНУ имени Аль-Фараби, КНИТУ имени К.И. Сатпаева, КарГУ имени Е.А. Букетова) в трех крупных городах Казахстана (Астана, Алматы, Караганда). Эти города имеют огромный потенциал для многотысячной молодежи в достижении их целей. Помимо столичной учащейся молодежи в анкетировании приняли участие студенты государственного университета Караганды, авторитетного благодаря своим научным традициям, исследовательским школам, занимающего третье место в рейтинге высших учебных заведений Казахстана. Данные результаты количественного исследования были обработаны в компьютерной программе SPSS и проанализированы. Теоретическая и практическая важность статьи заключается в выработанных положениях, способствующих дальнейшему развитию и обогащению данных в области социологии науки, социологии образования, образовательных и научных программ, образовательных концепций. Авторы в результате исследования статьи показывают типы, характеризующиеся разными мотивами и результативностью каждой социальной группы молодежи, а так же влияние комплекса факторов разного уровня образовательных стратегий.

Ключевые слова: образовательные стратегии, студенческая молодежь, высшее образование, мотивация.

Кіріспе

Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі бір-қатар жағдаймен шартталған. Біріншіден, ХХІ ғасырда әлеуметтік білім беру институты даму-дың жетекші тетігіне және инновациялы қоғамды қалыптастырудың бірден-бір шартына айналды. 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы «Қазақстан жолы – 2050 бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» басымдық бағыттарда ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру деп айтқан. Ұлттық инновациялық жүйенің, оның негізгі институттарының тиімділігін арттыру маңыздылығы туралы атап айтылған.

Екіншіден, тәуелсіз Қазақстан үшін тұлғаны қалыптастыру мәселесі, жалпы адамзат және ұлттық-мәдени құндылықтардың ролі, сондай-ақ, жоғары оқу орнындағы білімнің орны мен мәні осы үрдісте шынайы белгілеріне ие болды. Сондықтан, өзін нақты заманауи оқыту, кәсіби және тұлғалық қалыптасу, сонымен бірге, әртүрлі оқудан тыс «әлеуметтену» үрдістерінде иемденетін тұлғаның білім беру стратегиясын зерттеу жай ғана өзекті болуымен шектелмей, жалпы мәселелі тақырыпты әзірлеудің тәжірибелі маңызды элементі болып табылады. Бұл қоғамды реформалау кезінде жас адамдар әртүрлі тәлім үлгілерін таңдауда өте күрделі жағдайда болуымен шартталған. Ересек ұрпақ өкілдері белгілі бір өмірлік және әлеуметтік тәжірибеге және сәл әлсіреген, бірақ сонда да, әлі жеткілікті орнықты құндылықтар мен өмірлік стратегиялар жүйесіне ие болып келеді, ал жас

адамдардың жаңа қалыптасып келе жатқан әлеуметтік шынайылыққа енуі оларға әлеуметтік іс-әрекеттің әлеуетті үлгілерін қалыптастыруға, нивелирлеуге, бәлкім, олардың асоциалды іс-әрекеттерін басуға көмектесетін осындай базасы жоқ.

Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері

Студенттердің жоғары білім алудағы мотивациясын анықтауда диплом алу мен білімді азамат болу басты орында тұр, ал қалған мотивтер әлдеқайда төменгі пайыздық көрсеткіштерге ие (1-сурет). Осы зерттеу нәтижесіне қарай отырып, біз жастар үшін ең маңыздысы жоғары білімнің формалдылығы екенін көре аламыз, яғни болашақ мамандығының мазмұны немесе біліктілігі мен дағдысы емес, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі алынатын символдық капитал. Білімді адам туралы қарастыра отырып, жастардың білімді болуы қазіргі еңбек нарығының талабы деп ойлайтындығын елестете аламыз.


Мотивациялық құрылым сатысының екінші деңгейінде әлеуметтік-кәсіби бағыттың орын алғандығын байқаймыз. Оған жақсы табыс табуға мүмкіндік беретіндігі, мансап жасау мен жақсы жұмысқа орналасуға септігін тигізетіндігі туралы пікірлерді қарастырсақ болады. Сонымен қатар респонденттің студенттік өмірді көруге деген арманын қолайлылық факторына жатқызуға болады. Студенттер үшін қызықты және әртүрлі оқиғаға толы өмірлері, адамдармен байланыстарының кеңеюі маңызды болып табылады. Бұл жағдай университеттің студенттер үшін әлеуметтенудің тек процессуалды

емес, сонымен қатар мазмұнды арнасы болып қалатындығын дәлелдейді.

Мотивация жүйесінің келесі сатысында танымдық-кәсіби ұстанымды көре аламыз: білікті маман болу мен қабілетін жүзеге асыру. Ал білімдік бағытының жоғарғы әлеуметтік мобильділік факторы респонденттер үшін ең маңыздысы емес. Демек, студенттердің университетті бітіруінде әлеуметтік бедел мен әлеуметтік өсімнің байланысы азаюда. Яғни, бұл дегеніміз жоғары білімнің болуы индивидтің әлеуметтік мәртебесіне емес, қоғамдық нормаға айналуға. Соңғы мотивациялық деңгей респонденттердің бейқамдық мінез-құлқын сипаттайды. Ол студенттердің ата-аналарының тікелей немесе жанама түрде балаларына қысым көрсетуімен, жұмыс жасауға деген ынталарының болмауымен байланысты. Осылайша, жоғары білім алудағы

мотивацияда дипломның болуы, жоғары табыс табу және мансапқа қол жеткізу маңызды фактор болып табылады, ал кәсіби-мазмұндылық екінші орынға ығысып отыр. Бұның барлығы қоғамда жоғары білім мәртебесінің өзгергендігін көрсетіп отыр.

Білімдік стратегияның қалыптасуы ЖОО түсу туралы шешім қабылдаған кезден бастау алып, нақты ЖОО таңдаумен анықталады. Сол себепті студенттердің университетті таңдауына талдау жасау маңызды болып табылады. Студенттердің білім алу стратегиясына зерттеу жүргізу барысында, студенттер мен олардың ата-анасы қазақстандық жоғары білім жүйесіндегі өзгерістерге қалай бейімделетінін және білім алуға отандық білім беру мекемелерін, білім беретін мамандануды, білім бағдарламалар деңгейін қалай таңдайтындарын көрсетті.



1-сурет – Жоғары білім алудағы студенттердің стратегиясы

Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде жоғары талдауға жету үшін факторлы талдау түрі қолданылады, бұл жанама жауап түрі бойынша стратегиялық қондырғы қондырып, ақпараттың факторына әсер етеді. Факторлық талдау-өлшемнің төмендеуіне әкелетін талдау түрі, бұл расында да оқиғаның өзгеруіне немесе үнемі өзгерістің болуына әкеліп отырады. Факторлық талдаудың негізіне болжам жатады, бұл жабық факторлардың қайта қалыптасуына өз септігін тигізіп отырады.

Жоғары оқу орнында білім алудың маңызды факторларын талдай отырып, берілген мәліметтердің нәтижесін 4 факторға топтастыру арқылы бөліп қарастырдым: кәсібилік, қолайлылық, тәуелділік және бейтараптық. Кәсібилік фактор студенттің өзін-өзі жетілдіруге, мәдени капиталды кеңейтуге бағытталған когнитивті стратегиясына негізделген. Қолайлылық пен тәуелділік факторы білім алушылардың сыртқы ортамен байланысын, олардың респонденттер үшін қолайлылығын және ата-аналары мен жақын таныстарының білім саласындағы шешім қабылдауда әсеріне (ата-аналар тарапынан кейде үстемділігін) бағытталған мінез-құлықтық стратегиясымен сипатталады. Бейтараптық факторлардың көрсеткіштері білім алушылардың стратегиясының когнитивті және мінез-құлықтықта бола алатындығын байқаймыз. Зерттеуден алынған мәліметтер көрсеткіштерін мазмұндық мотивация негізінде когнитивті стратегияға бағытталған «кәсібилік» факторларға: жоғары білімнің дипломын алу – 79%; білімді азамат болу – 72%; білікті маман иесі болу – 41%; жоғары білім менің қабілетімді жүзеге асыруыма мүмкіндік береді – 38%; жоғары білімді адамдардың өмірі мен қоршаған ортасы қызықты болады – 32% деген жауаптар топтастырылды.

Мінез-құлықтық стратегиясын сипаттайтын «қолайлылық» факторлар типіне: жоғары біліммен жақсы табыс табуға мүмкіндік көбірек – 51%; жоғары білім мансабыма септігін тигізеді – 47%. Жоғары біліммен жақсы жұмысқа орналасуға болады – 45%; жоғары білімсіз қоғамның жоғары табына кіру мүмкін емес – 19%; қоғамда жоғары білімі бар адамды білім жоқ адамға қарағанда жақсы сыйлайды – 8% деген жауаптарды жатқыздым. Беріліп отырған стратегияның «тәуелділік» факторында: отбасымызда бәрі жоғары білімді – 12% және жоғары білім алуымды ата-анам қалап отыр – 7% деген жауаптар қарастырылды. Айта кетерлік

жайт, студенттер үшін жоғары білім алу туралы шешім қабылдауда басқа адамдардың ойлары айтарлықтай маңызды емес. Олар жоғары білімнің керек екендігін саналы түрде қабылдап, маңызды орынға қойғандығында.

Соңғы фактор студенттердің жоғары білім алуғағы шешімі олардың басқа жоспарларының болмағандығынан немесе студенттік өмірге қызығушылықтарынан туындаған фактор: студенттік өмірді көру – 43%; ЖОО-дан басқа жоспарым жоқ – 27%; жұмыс жасағым келмейді – 3%; жоғары білімсіз жұмыс таба алмаймын – 4%.

Жоғары білім алумен қатар жоғары оқу орнын таңдаудағы мотивтерін білу студенттердің білімдік стратегиясын анықтау үшін септігін тигізеді. Берілген жауаптарды айқындалған факторларға сәйкес, когнитивті және мінез-құлықтық стратегияға негіздеп, топтастырдым. Когнитивті стратегияға бағытталған «кәсібилік» факторға келесі жауаптар топтастырылды: ЖОО-ның престижі, жоғары беделі; мамандық бойынша жақсы білім; білікті мұғалімдер; жақсы техникалық және ресурстық база.

Мінез-құлықтық стратегиясын сипаттайтын «қолайлылық» факторлар типіне жататын жауаптар: тегін оқу/қол жетімді төлем; бітіргеннен кейін жұмыс табу оңай; сізде оқуға түсерде жеңілдіктер болды; үйіме жақын орналасқан. Сонымен бірге осы стратегияның екінші факторы жастар ұстанымының дербессіздігін көрсетеді (мамандықты таңдауда жақын ортасына тәуелділігі): ата-анам солай кеңес берді; жоғары жалақылы мамандық алу (мұнда ата-ана өзі жоғары төленетін кәсіпке бағытталған және де осылай жасауына балаларына кеңес береді/мәжбүрлейді); басқа оқу орнына түсе алмадым; туысқандары немесе таныстары жұмыс жасайды. Соңғы «бейтараптық» факторде студенттердің жақсы контингенті; түсу қиын емес; ол жерде туыстарымыз, таныстарымыз оқыған; оқу қиын емес секілді жауаптар студенттердің жоо таңдау кезінде ішкі анықталмағандықтарымен және соған байланысты сыртқы әсерге назар аударғанымен байланысты болған деп болжай аламыз.

Зерттеудің келесі міндеттері білім алушылардың кәсіптік жоғары білімін жалғастырудағы стратегиясы болды. Бұл жерде білім бағдарламаларының оқыту деңгейі бойынша білімді жалғастырудың қолжетімді нұсқалары ретінде магистратура мен докторантураға түсу қарастырылады.




2-сурет – Студенттердің білімін жалғастыру стратегиясы

Студенттердің өз алған білімдерін ары қарай жалғастыруы туралы зерттеуден алынған нәтиже бойынша, бакалавр студенттерінің алдында тұрған ең маңызды стратегия – ол магистратураға түсу, бакалавр студенттерінің 66.2% магистратураға түскілері келетіндерін айтты (2-сурет). Ал магистратурадан докторантураға түсушілердің саны 11.8% көрсеткіш көрсетті. Магистратураға түскісі келмейтіндер 9.6%, ал 12.4%-ы өздерінің болашаққа жоспарлаған білім стратегияларының анықтамағандарын айтты. Болашаққа нақты жоспардың болмауы, жоғары

білім беру жүйесіндегі стратегиялық шешім қабылдауды бірнеше жылға шегіндіру дегенді білдіреді.

Бакалавриаттардың магистратураға түсуде ең маңызды зерттеу сұрағы мотивпен байланысты болып саналады. Зерттеу нәтижесіне сүйенетін болсақ, магистратураға түсудегі ең маңызды мотив – жоғары деңгейде білім алу болып табылды, бұл көрсеткіштің жоғары болуының себебі, студенттердің бакалавр білім деңгейінің толық емес деп санауында.



3-сурет – Бакалавриат студенттерінің магистратураға түсу мотиві

Сандық зерттеу мәліметтерінің жауаптарына жоғарыда айтып кеткен когнитивті және мінезқұлықтық стратегиялары бойынша 4 фактор арқылы талдау жасаймыз. Алынған жауаптардан


біз респонденттер үшін когнитивті стратегияның көрсеткіштері маңызды факторлардың бірі екенін көре аламыз (3-сурет). Осыған орай «кәсібилік» бойынша ең басты факторлардың бірі жастар

жоғары деңгейде білім алғысы келетіндігінде (61,1%) және олардың бакалавр деңгейін толық жоғары білім деп есептемейтіндігінде (46%). Бұл жауаптарға қарап қазіргі таңда студенттердің бакалавр деңгейіндегі білімді толық жоғары білім деп мойындамайтындығын көруге болады. Сонымен қатар 20,8% студент ғылым жолын жалғастыруды жопарлап отыр. Бұл дегеніміз, кейбір болашақ ғалымдар ғылымға байланысты ұстанымын тек магистратура деңгейінде емес, бакалавр деңгейінде де саналы түрде анықтайтын болып отыр.

Студенттер өзінің өміріне ыңғайлы бағытты қалайтынын «оқыған ұнайды, жұмыс жасаған ұнамайды» 3.5% деген жауабын «қолайлылық» факторына жатқызды. Өкінішке орай кейбір студенттеріміз магистратураға түсу кезінде де

бір адамдарға немесе оқиғаға тәуелді болып табылады. Осыған сәйкес «тәуелділік» факторын келесі жауаптар бойынша топтастырдым: «Ата-анам/туысқандарым/достарым кеңес берді» – 15.9%, «Магистратураға түсу себебім басқа қалаға көшіп сол жақта қалу» – 6.5%. Төртінші «бейтараптық» факторға келесі жауаптар қарастырылады: «Мемлекеттен белгілі бір қолдау мүмкіндігін алу (стипендия алу, жатақханадан орын алу)» – 3.7%.

Сонымен қатар студенттердің магистратураға түсу мотивтерімен қатар олардың магистратураға түскісі келмейтін себептерін білуге тырыстық. Ол қазіргі еңбек нарығында өтілдің болуын талап етуімен байланысты болып отыр. Сол себепті студенттер тәжірибелік жұмыс жасағылары келетін ойларын білдірді.




4-сурет – Респонденттердің магистратураға түскісі келмейтін себептері (Респонденттер бірнеше жауап түрлерін таңдайды)

Берілген зерттеудің жауаптарында көбісі магистратурада оқыған уақыттың орнына жұмыс өтілін жинап 42.6%, тәжірибелік білімін күшейтіп, тұрақты жалақы алып отыруды дұрыс деп санайтындарын айтты (4-сурет). Респонденттердің пікірлері бойынша, магистратураның ең басты бәсекелесі еңбек нарығындағы қаржылық қиыншылықтар 22.8% және білім алуда уақыт тапшылығы 11.4% екендерін айтты. Бакалав-

риат дипломын жеткілікті, магистратураны оқу міндетті емес деп ойлайтындар – 16.2% респондент құрап отыр.

Зерттеуде студенттердің үлгерімі олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуының қатынасы анықталды. Зерттеу нәтижесінде респонденттердің өзін-өзі бағалауы мен олардың сабақ үлгерімдері қарастырылады (5-сурет).




5-сурет – Респонденттердің академиялық үлгерімін бағалауы: гендерлік аспект

Берілген мәліметтерге сәйкес респонденттердің ішіндегі ең жақсы деген бағамен оқитындары – 9.2%, өз білімдерін жақсы және өте жақсы деп бағалағандар – 74%, қанағаттанарлық бағамен оқп жүргендер 16.8% көрсетті. Студенттерді гендерлік аспектіде қарастыратын болсақ, ерлер мен әйелдер арасында баға алу жағынан айырмашылықтар байқалады, қыздар жігіттерге қарағанда біршама жақсы деген бағалармен бағаланатынын суреттен көре аламыз. Мысалға алатын болсақ, «қанағаттанарлық» деген бағаны 23,4% ер балалар алып жатса, қыз балалар 10,3% алып жатады, «өте жақсы» де-

ген бағаларды ер студенттерден гөрі (6.4%), көбіне қыз балалар (11.8%) алып жатады. Жалпы алғанда бұл жағдай дәстүрге сай қыз балалар өздерінің сыпайылығының арқасында сабаққа көп уақыт бөледі, сондықтанда орташа есеппен алғанда жоғарғы көрсеткіш көрсетеді.

Сандық зерттеу жүргізу кезінде студенттердің білімдік стратегиясын анықтау кезінде респонденттерге сіздің алған мамандығыңыз еңбек нарығында қаншалықты сұранысқа ие деген сұрақ қойылды. Бұл студенттер өз мамандығын қаншалықты бағалайтынын және ары қарайғы жоспарларын анықтауға септігін тигізеді.




6-сурет – Студенттердің таңдаған мамандықтары туралы өз бағалаулары

Зерттеу нәтижесі бойынша 33,6% студент өздерінің мамандықтары сұранысқа ие екені және жоғарғы жалақылы жұмыс таба алатындарын айтса, 44,4%-ы мамандық бойынша жұмыс табу қиынға соқпағанымен, жоғарғы жалақылы жұмыс табу қиыншылық тудыратыны туралы пікір білдірді (6-сурет). Ал 20,2% респонденттер мамандықтары бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие болса да, оларда бәрібір жұмысқа

тұру кезінде қиындықтар туындайды деп болжам жасап отыр.

Оқу процесінде студенттерді осы мамандық бойынша дайындауда олардың талапқа сай болуы жалақының жоғары болуы, түлектің таңдауы сияқты көптеген факторларға байланысты. Осыған орай студенттер өз мамандықтары бойынша қызмет етуге дайындығын анықтау дұрыс деп санадым.



7-сурет – Респонденттердің алынған мамандықтары бойынша жоспарларының құрылуы

Жалпы респонденттердің басым көпшілігі (47,4%) өзі таңдаған мамандығы бойынша жұмыс жасауды жоспарлайтынын айтқан. 37,8% студенттер мамандықтары бойынша жұмыс істейтіндеріне сенімсіз болса, 14,8% студент жастар өз мамандығы бойынша жұмыс жасамайтындығына сенімді болып отыр (7-сурет). Респонденттердің өз мамандығы бойынша қойылған сауал тек қана нарық еңбегін қалыптастырып қана қоймай, мемлекеттің білім саласына деген шығындарының тиімділігінің көрсеткіші болып табылады. Дегенмен кейбір гуманитарлық мамандыққа деген болашақ мамандардың қызығушылығы төмен. Соның салдарынан олар басқа мамандық иесі болуға тырысады.

Кейбір жоғары оқу орындарына келеңсіз түрде мамандар жинау, мұндағы мамандардың жоғары емес еңбек ақысымен бағалануын тудырып, бұл мамандық бойынша жұмысқа қабілеттілігін жояды, сонымен қатар еліміздегі білім жүйесінің дамуына да өз әсерін тигізеді. Сондықтан да мемлекеттік бюджет тарапынан осы мамандықтарға қаржы бөлуі керек. Мұндай мәселе сонымен қатар гуманитарлық және жалпы әлеуметтік мамандықтарда да сипатталып, «бюджеттік» «беделді» мамандықтарға түспей, осыған ұқсас мамандықтарға түсіп, «бюджеттік»

орындарды иемденеді. Бұл мамандықты бітірген соң, мамандығы бойынша жұмыс жасамай, сол мамандыққа ұқсас басқа жоғарғы жалақылы мамандық бойынша қызметке орналасады. Мұндай жағдайлардан кейін, мемлекеттік «бюджеттік» орындарды иемденген осындай мамандықтар туралы жаңсақ пікірлер қалыптасады.

Теориялық-әдіснамалық шолу

Кәсіби білімді әлеуметтанулық зерттеудің дәстүрлі пәні ретінде санауға болса, онда бұл ең әуелі батыс әлеуметтануына қатысты болады. Батыс әлеуметтануының өкілдері 1920 жылдардан бастап кәсіби білімді әлеуметтанулық талдаудың назарында үнемі және нәтижелі түрде ұстап тұрды. Ақырында бұл маңсапты әлеуметтанулық білімнің жеке саласы ретінде зерттеуді легитимдеуге жағдай жасады. Чикаголық мамандықтар әлеуметтануының мектебі жылжитқан идеялары (Э. Хьюз және басқалары), адамдық ресурстар менеджментіндегі зерттемелер, М. Арчер (Archer 2013), Б. Бернштайн (Bernstein 1971), П. Бурдьё (Bourdieu 1986a: 239), Э. Гидденс (Giddens 1993), Дж. Коулман (Coleman 1990), Д. Макклелланд (McClelland 1987: 541) және өзге де көптеген зерттеушілердің идеялары осы мәселені өңдеуге ерекше үлес қосқан.

Жоғары білімнің еңбек нарығындағы кәсіби өсуінің факторы ретінде қызмет ету мүмкіндігін ұғынуға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, функционалистер (К. Дэвис пен В. Мур (Davis; Moore 1966), Дж. Коулман, Я. Блау және басқалары) білімді алудағы қолжетімділік пен мансаптық стратегияларды жүзеге асырудағы теңсіздік мәселесін қарастырады, ал структуралистер болса (П. Бурдье, Б. Бернстайн және басқалары) білім беру институцияларын мәдениетті кодтайтын (ал бұл кодтар әлеуметтік категорияларды жаңадан жасайды) ұйымдар ретінде қарастырады.

Қазіргі шетел зерттеушілерінің арасында білімнің әртүрлі салаларын қарастырған ғалымдар бар. Соның ішінде: білімнің теориясы мен мәселелерінің әлеуметтік қалыптасуы (Lawrence 2005: 61), білім алудағы бизнестің әсері (Arthur; Peterson 2012: 37) мен білім саласындағы өзгерістер және басқа елдердің тәжірибелері (Lawrence 2002: 101; Coffey 2001: 71), білім әлеуметтануындағы зерттеу жүргізу саясаты (Joy 2008: 55), білім саясатына талдау жасаудағы әлеуметтік-мәдени салыстырмалы талдау жасау (Sutton; Levinson 2001: 56) мен халықаралық деңгейдегі білім әлеуметтануының зерттелу деңгейін қарастырған (Apple; Ball; Gandin 2010: 47).

Білім әлеуметтік кеңістікті кеңейтеді, өмірлік жолды мәдениеттің кеңістігіне қосады, әлеуметтік субъектінің мәртебелік сипаттамасына айналады, еркін азаматтың жеке мүдделерді халықтың мүддесімен үйлестіретін руханиятын қамтамасыз етеді (Abdikeroeva; Kylyshbaeva; Duisenova 2014: 4490). Бұндай шешімді қабылдаудың негізінде материалдық қызығушылық жатуы әбден ықтимал. Дегенмен әкімшіліктік мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру үдерісі білімнің орталықсыздануына да жағдай жасайды, ал азаматтық қоғамның институттарының дамуы отандық мектепті демократияландырады деп тұжырым жасауға болады (Bekishev 2013: 39).

Олар үшін орталықсыздандыру тенденциясы міндетті болады. Бұл айқын болғандықтан, ешқандай пікірталастың қажеті жоқ. Бұл ретте, білімнің бастауларынан бастап орталық, үстем рөл университеттерге тиесілі екендігін еске түсіру керек. Университет классикалық емес, әлемнен кейінгі білімнің компоненті ретінде мәдениеттердің кездесуі мен диалогының жалпыланған парадигмасы түрінде, білімнің имиджі мен этосының іске асуы, университеттің әлеуметтік-мәдени ортасы ретінде қызмет етіп, өзінің құрылымында осы әлемнің кеңістігін

қамтып көрсетеді (Abdirayimova; Düysenova; Chinasylova 2014: 87).

Сондықтан да реформалар кәсібилікті көтеру, әлеуметтік мәртебе, дәулеттілік тұрғысынан маңызды болып саналады. Дегенмен, білім беру кеңістігінің нақты әлеуметтік және географиялық контекстен бөлектігі белгілі мағынада сақталып отырады. Әлеуметтік сипаттамалардың тұрақсыздығы, білімдік теңсіздік, кеңістіктік сегрегациялау (бөлектеу) міндетті түрде тәуекел алаңының кеңеюімен, құндылықтардың бұзылуымен, капиталдың реконверсиясы мен мәдениеттер диалогының қиындауымен бірге жүреді (Sadyrova 2016: 15).

Осы бағытта кейбір заманауи қазақстандық әлеуметтанушылар да жұмыс жасайды. Олар білімнен тыс орын алатын әлеуметтік-таптық айырмашылықтардың білім жүйесі арқылы сабақтастық пен трансляцияға назар аударады: «барлық кінә мектепке, білім жүйесіне тағылады, барлық жауапкершілікті оларға жүктеу дұрыс емес және орынсыз (Omırbayev 2015: 63). Біз бұл жерде қоғамда жалпы болып жатқанның көрінісін ғана көріп отырмыз. Мектепте барлығы соншалықты айқын көрініс тапқаны үшін мектептің кінәсі жоқ. Білім беру саласындағы талқыланып жатқан реформалар осы мәселемен байланысты, алайда бұл сұрақтарды толығымен шешуге де, жағдайды қиындата түсіруге де қабілетті емес. Бұған қоса, әлеуметтік теңсіздіктің индикаторы ретінде жоғары білімді алу мүмкіндігі саналады: «Жоғары білімді алу мүмкіндігінде таңғалдыратын өзгерістер байқалуда (Abdirayimova 2011: 87).

Әлеуметтік теңсіздік пен білімді зерттеу саласындағы шетелдік мұраны қарастыруға оралайық. Жоғарыда айтылған Дж. Коулманның еңбегінің шеңберінен тыс біраз факторлар қалып қойды. Мысалы, оқытушы мен оқушының өзара әрекеттесу сапасы, олардың арасындағы өзара көмек пен ынтымақтастық рухы, сондай-ақ оқып жатқан курстың дайындық сапасы мен оқытушының біліктілігі. Британдық зерттеулерде (Coleman 2004: 21) мектептен тыс болатын әлеуметтік теңсіздіктің факторларына қатысты Коулманның кейбір факторларын растады, сонымен қатар мектептің өздері теңсіздікті сақтау мен қайта жаңғыртуға неге бейім болуына қатысты сұрақтар қойылды. Бұнда алып жатқан білімнің жоғары сапасын, жақсы оқытушылардың жоғары мотивациясын қолдайтын жеке (Ұлыбританиядағы ауқатты отбасылардан шыққан балаларға арналған) және кедей отбасылардың балалары оқитын мектептерге

жіктеу (сегрегация) туралы сөз қозғалды. Дегенмен, зерттеушілер ойлағандай, оқытудың сапасын көтеру, мектептегі дұрыс әлеуметтік климатты құру және мектептік оқытудың практикалық бағытталуы кедей отбасынан шыққан балаларға өздерінің үлгерімін жақсартуға қабілетті. Еуропалық және америкалық зерттеушілер білім беру жүйесіндегі жанжалдар мен қарама-қайшылықтарға назар аударып, өз зерттеулерін сыни әлеуметтік теорияға негіздеді.

Бурдьё ұсынған теория саяси-экономикалық мәдениеттегі неомарксистік интеллектуалды жобалардың парадигмасына кіреді – яғни Марксты «кеш капитализмге» бейімдеу және оның жүйесін «жетпейтін бөліммен» толықтыру әрекеттері (Bourdieu 2001). Бұл теорияда символдық және мәдени капитал шын, нақты болып табылады: олар инфляцияға, узурпацияға (тартып алуға) душар болады, олар үшін таптар мен топтар арасындағы күрес жүреді (Bourdieu 1987:3). Мәдениет алаңы материалды емес капиталдарды қайта өндіру мен жинаудың негізгі саласы ретінде (Bourdieu 1986б: 241) биліктің аса жалпы алаңына жатады. Алайда билік алаңының ішінде ол бағынушы жағдайда болады, өйткені экономикалық және әлеуметтік капиталды өндірумен тікелей байланысты емес. Осылайша, Бурдьё интеллектуалдарды үстем таптың бағынышты фракциясы ретінде анықтайды – езілуші қанаушылар. Мәдениет алаңында ішкі заңдар да, сондай-ақ жаһандық саяси және экономикалық алаңның логикасы қызмет етеді (Polito 2005).

Экономикалық капитал – материалдық игіліктер, құндылықтар және өндіріс құралдарының жиынтығына билік ету формасында – өз орнын сақтау немесе жақсарту және экономика алаңында «ойын ережелерін» белгілеу мүмкіндігі ретінде ұтысты алу мүмкіндіктерін анықтайды. «Капиталдың әр түрлі түрлерінің арасындағы иерархия және қолда бар капитал жұмсалымының арасындағы статистикалық байланысы экономикалық алаң өз құрылымын басқа алаңдарға таңып, зорлап міндеттейтіндей ұйымдастырылуы» осы алаңның ерекшелігі болып табылады (Bourdieu 2005а: 57). Осылайша, экономика алаңында осы алаңның экономикалық құрылымын анықтау мен құрастыруға деген легитимді құқықтарды иемдену үшін күрес жүреді. Ал бұл өз кезегінде өзге алаңдардың құрылымдарына белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Экономикалық және мәдени капиталдың жиынтығы ретінде әлеуметтік капиталды қарастыруға болады. Жалпы алғанда, ол

әлеуметтік кеңістіктегі агенттердің позицияларының иерархиясы және оларғы тиісті жеке байланыстар жүйесі (агент оларды осы сәтте-ақ жұмылдыра алады) ретінде анықталады. Әлеуметтік капитал белгілі бір позицияны ұзақ уақыт бойы ұстау және ұқсас позициялардағы агенттермен (мысалы, балалық және жасөспірімдік жастардан басталған достық, «ескі мектеп галстугы» культы) созылмалы байланысты ұстап тұру барысында жиналады. «Адамдар мен заттар кеңістігінің ортақ болып табылмайтын ортақ нәрсесінің болуы арқылы көптеген басқа кеңістіктерден ажыратылуы оларды бір-біріне ұқсас қылдырады. Осылайша, әлеуметтік капитал адамдар мен заттар кеңістігінің тұрақты бірлестігінен болатын» «клуб әсері» арқылы қамтамасыз етіледі (Bourdieu 2005б: 48-49).

Символдық капитал дегеніміз «экономикалық немесе мәдени капитал әйгілі болып, мойындалған кезде және оны қабылдаудың тиісті категориялары бойынша таныған кездегі капитал болып саналады» (Bourdieu P. 1994а: 199). Символдық өндіріс алаңының құрылымында агент немесе институцияның «танымалдылығы» символдық меншікті иемденуді дәлелдейтін және оны мойындаудан табыс алу құқығын беретін нағыз құжатқа айналады (мысалы, дворяндық атақ немесе ресми атақ). Бір жағынан, агенттер мен институцияларға легитимді болатын құндылықтар иерархиясын құрау барысында үлкен символдық капитал иегерлері өздерінің символдық өнімін өндіру үшін қолайлы құндылықтардың жалғыз жүйесі ретінде зорлап міндеттеуге, таңуға жеткілікті мүмкіндіктерге ие болады. Бұл көзқараста символдық капитал дегеніміз «мойындауға нандыратын жағдайға ие болу үшін жеткілікті мойындалған» адамдарға берілген сенім мен билік болып табылады. Ал басқа жағынан алсақ, символдық капитал ресми номинация нәтижесінде ресми түрде санкцияланып, кепілденіп және заң бойынша бекітілуі мүмкін. Және бұндай түрде ол өзінің иесінің «қол сұғылмаушылығын» қамтамасыз етіп, мәртебелер иерархиясындағы позициясын сақтау үшін символдық күрестен босатады. Сөйтіп, «ресми номинация, яғни әлеуметтік мойындалған квалификация ретінде біреуге берілетін белгілі бір құқық немесе атақ тағайындайтын акт – мемлекетке немесе оның ресми мүшесіне тиесілі болатын легитимді символдық зорлық монополиясының кәдімгі көріністерінің бірі» (Bourdieu P. 1994б: 200).

П. Бурдьё француз буржуазиясының әлеуметтік жағдайын ұдайы өндірудегі басты стра-

тегия ретінде экономикалық капиталдың білім капиталына реконверсиялануын қарастырған. Бірақ ол зерттеген қоғам – әлеуметтік құрылымы қалыптасқан, күшті мәдени дәстүрлері бар, тұрақты қазақстандық және француз қоғамдарының бір-бірінен әжептәуір айырмашылықтары бар. Әлеуметтік кеңістік қарама-қарсылықтар, ажыратулар мен белгілі қашықтықты ұстау кеңістігі болып табылады (Gronas 2000: 7). Бұл арқылы әркім өзіне әлеуметтік кеңістіктегі бір тапты анықтайды. Тұтыну стилінен оның өзін-өзі ұстау мәнеріне дейінгі адамның түгелдей бейнесі «өз» адамдары мен бөтендерді ажыратуға мүмкіндік беретін басты белгі болып саналады. Символдық капитал – бұл айырмашылықтардың өзге атауы, себебі айырмашылықтар әлеуметтік кеңістікте символдық түрде кеңістік секілді қызмет жасайды. Беделді ауданда пәтердің болуы, маркасы беделді көліктің болуы, әйгілі курорттарға барып демалу, балаларды беделді оқу орындарына оқуға жіберу маңызды болып табылады. Балалардың білімі – бұл тұтырудың беделді жолы болып саналады.

Білім беру жүйесінің реформасының қазіргі замандағы жағдайлары мен әлеуметтік-экономикалық қайта құру контекстінде адамдық капитал концепциясы елеулі түсіндірме күшіне ие (Buchenko 2000). Г. Беккердің соңынан (Becker 1993) адамдық капиталды адамға жұмсалған инвестициямен байланыстырады. Адамға жұмсалған инвестиция деп білім алуға, денсаулықты қалпына келтіру мен сақтауға, миграцияға, өндірістегі жұмыс күшін тиімді орналастыру мен дайындауға кеткен шығындарды айтамыз. Адамдық капитал Қазақстанның ұлттық дәулетінің басты компоненті, ұлттық байлықтың аса маңызды бөлігі болып табылады.

Қазіргі заманда «стратегия» ұғымы түрлі мәнімен қолданылады, бірақ оның мағынасы белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған ұзақ мерзімді байланысқан әрекеттерді жоспарлау мен жүзеге асырудың біріктірілген моделінде сипатталады. Ең жалпы мағынада стратегия дегеніміз кең ұзақ мерзімді шаралар немесе тәсілдемені қабылдауды білдіреді. Стратегияның мәні бағыттың негізгі қызметтерін анықтау үшін қолданылатын шешім қабылдау нұсқамалар жиынтығында жатыр (Fursov 2006: 222).

Қазақстандық білім беру жүйесінің масштабы модернизациялау жағдайында зерттеушілер білім беру үдерісінің негізгі қатысушыларының, яғни оқушылардың мінез-құлқын зерттеу тәсілдемелерін жасау қажеттілігін көріп

отыр. Олардың мінез-құлқы сипаттамалары модернизацияның жағымды әсерлерін, сондай-ақ инновацияларды енгізу нәтижесінде шыққан әлеуметтік қарама-қайшылықтарды да көрсететін реформалаудың салдарын ақпаратты бағалау әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тарау «білім беру стратегиясы» ұғымын анықтау мен оларды зерттеудің әр түрлі дәстүрлер спецификасын суреттеудің тәсілдемелерін талдауға арналған.

Талқылаулар

Жоғары кәсіби білім студенттерінің білім стратегияларын сандық зерттеу бойынша талдау мынаны көрсетті: студенттердің жоғары білім алуға қатысты мотивациялар құрылымында көшбасшы орынды дипломды алу ниеті (79%) және білімді адам болу (72%) алады, ал барлық өзге мүдделер өте аз дәрежеде көрсетілген. Осыған сүйене отырып, жас адам үшін болашақ мамандығының нақты мазмұны немесе белгілі дағдылар мен икемділіктер емес, оның орнына жоғары білімнің формалды құраушылары, яғни ЖОО бітіргеннен кейін игерілетін символдық капитал әлдеқайда маңызды болатындығы туралы қорытынды жасай аламыз.

Оқу мекемесі мен оқу мамандығын таңдаудағы аса маңызды мотивтерге ЖОО-ның жоғары репутациясы мен беделі (44,7%), тегін оқуды алу мүмкіндігі (38,2%) және ата-аналардың кеңесі (32,9%) жатады. Стратегияны анықтайтын маңызды фактор болып мемлекет жүргізетін грант саясаты табылады. Тегін жоғары білімді алуға деген ұмтылыс талапкерлерді өздерінің шынымен қалаған оқуға емес, оның орнына грантқа түсе алатындай мамандық таңдауларына мәжбүр етеді. Белгілі бір қысыммен таңдалған (ата-аналардың, грант конъюнктурасы) осындай мамандық бойынша оқып, студенттер екінші жоғары білім және магистратураға түсу кезінде өзге мамандықты таңдау арқылы өздерінің білім стратегиясын өзгертуге әуес болады.

Білім бағдарламаларының аса жоғары деңгейлерінде оқуды жалғастыруды (магистратурадан кейін докторантураға түсу) респонденттердің қатысты түрде аз саны ғана жоспарлайды (11,8%). Сонымен қатар, оқуды тек магистратураға ғана жалғастыруды жоспарлайтындардың үлесі 65% астам.

Магистратураға түсудің негізгі мотивтері: аса жоғары деңгейдегі білім алу (61,1%), бірақ та дайындық бағытын өзгертіп және жаңа мамандықты меңгеруді қалайтындар

(27%) (көпшілік жоғары курс студенттері магистратураға түсуді нарықтағы қажеттілігі жоғары немесе өзінің қалауларына сүйеніп ең қолайлы мамандыққа ауыстыру мүмкіндігі деп қарастырады). Бакалавр дипломымен қанағаттанатын оқушылардың ішінен екі басты себепті белгілеуге болады: жұмыс тәжірибесі, еңбек нарығындағы тәжірибелік дағдыларды алу (42,6%) және жоғары еңбекақы (30,1%). Оқуды аяқтап болғаннан кейін жұмысқа орналасуды магистранттардың 49,8% жоспарлайды, ал докторантураға түсуді 30,7% жоспарлайды.

Ерлер мен әйел адамдардың арасында докторантураға түсудің мотивтері өзгеше болып келеді. Әйел адамдар докторантураға негізінен академиялық саладағы жұмыс үшін барады (43,1%). Ал ерлер болса тек ғылыми қызметпен байланысты емес, сондай-ақ ілгерідегі ғылыммен байланыспаған мансапты құрумен (33,7%) байланысты докторантураның артықшылықтарына көбірек бағдарланады.

Студенттердің жартысынан көбі ЖОО ғылыми жұмыстарына мүлдем қатыспайды (58,2%). Сонымен бірге ғылыми жұмыстарға академиялық үлгерімі жоғары студенттер атсалысады. Ғылыми қызметке қатысу студенттердің аса жоғары білім бағдарламаларында білім алуды жалғастыру стратегиясын таңдау ықтималдығын жоғарылатады. Ғылыми жұмысқа қатысудың ең көп тараған формасы болып конференциялар мен ғылыми семинарларға қатысу табылады (20,6%). Магистранттар студенттерге қарағанда ғылыми қызметпен белсендірек айналысып, академиялық мансапты көбірек көздейді.

Қазақстандық студенттердің көптеген шетелдік құрдастарымен салыстырғанда маңызды айырмашылығы – олардың жастары мен ата-аналарына деген тәуелділігінің деңгейі. Қазақстандық жоғары курс студентінің орташа жасы 21 жасты құрайды, ал көптеген дамыған елдерде бұл жастағы жас адамдар жоғары кәсіби білім мекемелеріне енді ғана түсіп жатады. Жоғарғы курста оқитын қазақстандық студенттердің көбісі ата-аналарымен бірге тұрады (36,8%), олардың табыстарының негізгі көздерін отбасы ішілік трансферт құрайды, респонденттердің басым көпшілігі некеде тұрмайды және балалары жоқ (87,2%). Осыған сүйеніп, студенттер білім мен ғылыми стратегияларға қатысты шешімдердің көпшілігін ата-аналардың ықпалымен қабылдайды деп тұжырымдауға болады.

Сонымен, білім дегеніміз Қазақстанның қоғамдық-мемлекеттік құрылысының, болашаққа ілгері басуының өте қуатты технологиясы

болып табылады. Білім стратегиялық қаражат жұмсау саласына айналып бара жатыр ма, әлде, жоқ па – бұл жалпы елдің мемлекеттік және әлеуметтік саясатының деңгейінің көрсеткіші ғана емес, сондай-ақ білім қызметтерін тұтынушылардың деңгейінің де көрсеткіші.

Қорытынды

Білім стратегияларының қалыптасу мәселесі үш тұрғыдан алғанда өзекті болады: біріншіден, білім жүйесінің өзінің тұрғысынан, ол үшін білім стратегиясы таным үрдісі мен қызметтің қозғаушы күші болып саналады (когнитивті және мінез-құлық стратегиялары). Екіншіден, білім стратегияларының қалыптасу мәселесі әлеуметтік маңызы бар мағынаға ие, себебі ол тұлғаның экономикалық және қоғамдық өмірдегі дамуының аса маңызды механизмі болып табылады. Үшіншіден, субъектінің стратегияларының қалыптасуы мен ілгерідегі жүзеге асуы, бұрын айтылғандай, кәсіби өзін-өзі таныту мен тұлғалық өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дамыту үрдістерінің негізінде жатыр. Қазіргі заманның ғылыми-білім саласындағы кадрлық жағдайдың ахуалын түсіну, жоғары кәсіби білім жүйесіндегі ғылымның жас, үмітті өкілдерді өндіру мен сақтау мәселесін ұғыну арқылы жас ғалымдардың (магистратура және докторантура деңгейіндегі ЖОО өкілдердің) ғылыми-зерттеу қызметінің біртұтас, кешенді, концептуалдық, заңды түрде бекітілген, ұйымдастырылған және экономикалық тұрғыдан қамсыздандырылған мотивациялар жүйесін құру мен дамыту қажеттілігі туралы қорытынды жасай аламыз.

Мақалада қарастырылған әдеби көздерді теориялық-әдіснамалық жалпылау, нормативтік-құқықтық база мен статистикалық материалдарды талдау, сондай-ақ өзіндік әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері авторға студенттердің әлеуметтік қауымдастық ретінде түсіндірме беруге мүмкіндік берді.

Мотивацияның классикалық теорияларының әдіснамалық контексті авторға логикалық тезиске алып келді. Дискурстың негізінде мотивацияға қозғаушы күш немесе стратегияның негізі ретінде талдау жасалды. Осыған байланысты, білімдік стратегияны оқу бағытында жүрген студенттердің жоспарлауы деп анықтады. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу Қазақстан Республикасының оқушы жастарының білімдік стратегияларының қазіргі замандағы жағдайына қатысты қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

- 1 Abdikerova G.O., Kylyshbaeva B.N., Duisenova S.M. (2014) Quality education as a basis for professional mobility of youth in the Republic of Kazakhstan // *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 116 p. 4487 – 4492
- 2 Margaret S. Archer (2013) *Social Origins of Educational Systems (Classical Texts in Critical Realism (Routledge))*. New York. This edition first published by Routledge 2 Park Square, Milton Park, Abingdon, OXON ISBN: 978-0-415-63903-3
- 3 Bernstein B. (1971) 'On the classification and framing of educational knowledge' in Young, M.F.D. (ed.), *knowledge and control*. London: Collier-Macmillan.
- 4 Bourdieu P. (1986) *The Forms of Capital // Handbook of Theory and Research for the Sociology of education*, edited by J. Richardson. New York: Greenwood.
- 5 Bourdieu P. (1987) *What Makes a Social Class? On the Theoretical and Practical Existence of Groups // Berkeley Journal of Sociology*. Vol. 32. P. 3-4.
- 6 Amanda Coffey (2001) *Education and Social Change*. Open University Press
- 7 COLEMAN, JAMES S. (1990) *Equality and Achievement in Education*. Boulder, CO: Westview Press.
- 8 Davis K., Moore W.E. (1966) *Some principles of stratification // Bendix R., Lipset S.M. Class, Status and Power*. New York.
- 9 Dan W. Butin Lawrence (2005) *Teaching Social Foundations of Education: Contexts, Theories, and Issues*. Erlbaum Associates.
- 10 Giddens A. (1993) *Sociology*. Cambridge: Polity press.
- 11 James Arthur; Andrew Peterson (2012) *The Routledge Companion to Education*. Routledge
- 12 John L. Rury Lawrence (2002) *Education and Social Change: Themes in the History of American Schooling*. Erlbaum Associates.
- 13 Davis, Dannielle Joy (2008) *Policy Research and the Sociology of Education: Contributions to Understanding the Experiences of Marginalized Populations*. *Journal of Thought*, Vol. 43, No. 3-4, Fall-Winter
- 14 McClelland, David C. (1987) *Human Motivation / David C McClelland // New York: Cambridge University Press*. -663 p.
- 15 Margaret Sutton; Bradley A.U. Levinson (2001) *Policy as Practice: Toward a Comparative Sociocultural Analysis of Educational Policy*. Ablex.
- 16 Michael W. Apple; Stephen J. Ball; Luis Armando Gandin (2010) *The Routledge International Handbook of the Sociology of Education*. Routledge
- 17 Sadyrova M.S. (2016) *The role of higher education in the formation of the professional capacity of young people // International Journal of Social Relevance & Concern №9(4)*, 15-20p
- 18 Theodora Polito (2005) *Educational Theory as Theory of Culture: A Vichian perspective on the educational theories of John Dewey and Kieran Egan*. *Educational Philosophy and Theory*, Vol. 37, No. 4.
- 19 Әбдірайымова Г.С. (2011) Қазақстандағы жоғары білім: әлеуметтік тәжірибелер, субъектілер мен мүдделер (әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша). – Алматы: «Жібек жолы». – 139 б.
- 20 Әбдірайымова Г.С., Дүйсенова С.М., Чинаилова А.М. (2014) *Классикалық әлеуметтанушылардың білім беру стратегиясын теориялық талдау // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы*. – №3, 87-96 б.
- 21 Бурдьё, П. (1994) *Начала / П. Бурдьё*. – М.: Socio-Logos: Фирма «Адапт». – 287 с.
- 22 Бурдьё П. (2005) *Стратегии воспроизводства и способы господства // Бурдьё П. Социология социального пространства*. – СПб. – С. 97-120.
- 23 Бекишев К. (2013) *ҚР білім жүйесіндегі инновациялар // Танымдық-ғылыми білім алу: шақырулар мен мүмкіндіктер*. – М.: Мәскеу университетінің басылымы. – С. 36-53.
- 24 Беккер Г. (1993) *Человеческий капитал (гл. из кн.) // США: Экономика, Политика, Идеология*. – №12.
- 25 Социоанализ Пьера Бурдьё (2001) *Альманах Российско-французского центра социологии и философии Института социологии РАН*. СПб: Алетейя, М.: «Институт экспериментальной социологии».
- 26 Быченко Ю.Г. (2000) *Проблемы формирования человеческого капитала в России (социально-экономический анализ)*. – Саратов: Изд-во ГосУНЦ «Колледж».
- 27 Гронас М. (2000) «Чистый взгляд» и взгляд практика: Пьер Бурдьё о культуре // *Новое литературное обозрение*. №5(45). – С. 6-21.
- 28 Коулман Дж. (2004) *Роль социального капитала в создании человеческого капитала / Социология образования: теории, исследования, проблемы*. Хрестоматия. – Казань: Казанский государственный университет.
- 29 Омирбаев С.М. (2015) *Интернационализация высшего образования в Республике Казахстан // Реализация Болонского процесса в Казахстане: модернизация подходов в контексте современных трендов*. – Алматы. 63 с.
- 30 Фурсов К.С. (2006) *Образовательные стратегии студентов российских вузов на этапе выхода на рынок труда: опыт эмпирического исследования // Вопр. образования*. – № 2. – С. 222-241.

References

- 1 Abdikerova G.O., Kylyshbaeva B.N., Duisenova S.M. (2014) Quality education as a basis for professional mobility of youth in the Republic of Kazakhstan // *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 116 p. 4487 – 4492
- 2 Margaret S. Archer (2013) *Social Origins of Educational Systems (Classical Texts in Critical Realism (Routledge))*. New York. This edition first published by Routledge 2 Park Square, Milton Park, Abingdon, OXON ISBN: 978-0-415-63903-3
- 3 Bernstein B. (1971) 'On the classification and framing of educational knowledge' in Young, M.F.D. (ed.), *knowledge and control*. London: Collier-Macmillan.

- 4 Bourdieu P. (1986) *The Forms of Capital* // *Handbook of Theory and Research for the Sociology of education*, edited by J. Richardson. New York: Greenwood.
- 5 Bourdieu P. (1987) *What Makes a Social Class? On the Theoretical and Practical Existence of Groups* // *Berkeley Journal of Sociology*. Vol. 32. P. 3-4.
- 6 Amanda Coffey (2001) *Education and Social Change*. Open University Press
- 7 COLEMAN, JAMES S. (1990) *Equality and Achievement in Education*. Boulder, CO: Westview Press.
- 8 Davis K., Moore W.E. (1966) *Some principles of stratification* // Bendix R., Lipset S.M. *Class, Status and Power*. New York.
- 9 Dan W. Butin Lawrence (2005) *Teaching Social Foundations of Education: Contexts, Theories, and Issues*. Erlbaum Associates.
- 10 Giddens A. (1993) *Sociology*. Cambridge: Polity press.
- 11 James Arthur; Andrew Peterson (2012) *The Routledge Companion to Education*. Routledge
- 12 John L. Rury Lawrence (2002) *Education and Social Change: Themes in the History of American Schooling*. Erlbaum Associates.
- 13 Davis, Danielle Joy (2008) *Policy Research and the Sociology of Education: Contributions to Understanding the Experiences of Marginalized Populations*. *Journal of Thought*, Vol. 43, No. 3-4, Fall-Winter
- 14 McClelland, David C. (1987) *Human Motivation* / David C McClelland // New York: Cambridge University Press. -663 p.
- 15 Margaret Sutton; Bradley A.U. Levinson (2001) *Policy as Practice: Toward a Comparative Sociocultural Analysis of Educational Policy*. Ablex.
- 16 Michael W. Apple; Stephen J. Ball; Luis Armando Gandin (2010) *The Routledge International Handbook of the Sociology of Education*. Routledge
- 17 Sadyrova M.S. (2016) *The role of higher education in the formation of the professional capacity of young people* // *International Journal of Social Relevance & Concern* №9(4), 15-20p
- 18 Theodora Polito (2005) *Educational Theory as Theory of Culture: A Vichian perspective on the educational theories of John Dewey and Kieran Egan*. *Educational Philosophy and Theory*, Vol. 37, No. 4.
- 19 Abdirayymova G.S. (2011) *Kazaqstandagi jogari bilim: aleumettik tajribeler, subektiler men muddeler (aleumettanulyk zertteu natijeleri boynsha)* [social experiments, subjects and interests of higher education in Kazakhstan (according to the results of sociological research)]. Almaty: «Jibek joly». 139p.
- 20 Abdirayymova G.S., Düysenova S.M., Chinasylova A.M. (2014) *Klassikalik aleumettanushylardayn bilim beru strategiyasin teoriyalik taldau* [Theoretical analysis of the classical education strategy sociologists] // *al-Farabi KazNU The Journal of Psychology & Sociology* №3, 87-96 p.
- 21 Bourdieu P. (1994) *Nachala* [The Beginning]/ P. Bourdieu. -M.: Sosio-Logos: Firm «Adapt». -287p.
- 22 Bourdieu P. (2005) *Strategii vosproizvodstva i sposoby gospodstva* [Strategies of reproduction and modes of domination] // Bourdieu P. *Sociology of social space*. SPb. 97-120 p.
- 23 Bekishev K. (2013) *KR bilim jüyesindegi innovaciýalar* [Innovations in the education system of the RK] // *Cognitive science education: challenges and opportunities*. M.: publication of the University of Moscow. 36-53 p.
- 24 Becker G. (1993) *Chelovecheski capital (gl. iz knig)* [Human Capital (Chapter from the book)] // USA: Economics, Politics. Ideology. №12.
- 25 Sociological analysis of Pierre Bourdieu (2001) *Almanakh Rossiysko-fransuzskogo centra sosiologi i filosofi Instituta sosiologi RAN* [Almanac of the Russian-French Center for Sociology and Philosophy of the Institute of Sociology of the Russian Academy of Sciences]. Moscow: «Institute of Experimental Sociology».
- 26 Bychenko Yu.G. (2000) *Problemy formirovaniya chelovecheskogo kapitala v Rossii (sotsialno-ekonomicheskiy analiz)* [Problems of the formation of human capital in Russia (socio-economic analysis)]. Saratov: Publishing house of State Unitary Enterprise «College».
- 27 Gronas M. (2000) «Chisty vzglyad» i vzglyad praktika: Pierre Bourdieu o kulture [«Pure view» and the view of practice: Pierre Bourdieu about culture] // *New literary review*. №5 (45). p. 6-21.
- 28 Coleman, James S. (2004) *Rol sotsialnogo kapitala v sozdani chelovecheskogo kapitala* [The role of social capital in the creation of human capital] / *Sociology of education: theory, research, problems*. Reader. Kazan State University.
- 29 Omirbayev S.M. (2015) *Internatsionalizatsiya vysshego obrazovaniya v Respublike Kazakhstan* [Internationalization of higher education in the Republic of Kazakhstan] // *Implementation of the Bologna process in Kazakhstan: modernization of approaches in the context of modern trends*. –Almaty. 63 p.
- 30 Fursov K.S. (2006) *Obrazovatelnyye strategii studentov rossiyskikh vuzov na etape vykhoda na rynek truda: opyt empiricheskogo issledovaniya* [Educational strategies of students of Russian universities at the stage of entry into the labor market: experience of empirical research] // *Issues of education*. № 2. p. 222-241.